"ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ "И.В.ПАНФИЛОВ АТЫНДАҒЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

120019,Қызылорда қаласы, Е.Әуелбеков көшесі,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_mektep@mail.ru

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №5 ИМЕНИ И.В.ПАНФИЛОВА" ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ"

120019,город Кызылорда,улица Е.Ауельбекова,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_mektep@mail.ru

29.08.2024ж
Бұйрық № 81
Қызылорда қаласы

№_____
город Кызылорда

1 қыркүйек салтанатты жиынды өткізу туралы

2024 жылы 1 қыркүйек «Мектеп – мейірім мекені» Білім күніне арналған және азаматтық және патриоттық сабағын өткізу тұжырымдамасын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1.1 қыркүйек салтанатты жиын іс-шарасын өткізу бағдарламасы жасалып, бекітілсін. Жауапты директордың тәрбие орынбасары Т.Тастаеваға тапсырылсын.

2.1 қыркүйек 2024 жылы сағат 09.00-де «Мектеп – мейірім мекені» салтанатты жиынына 1, 11-сыныптар сынып жетекшілерімен толық құрамда қатыстырылсын. Жауапты: А.Айдарбекова, Б.Аблаев

3.2 қыркүйек 2024 жылы алғашқы сабақта Қазақстан Республикасының Гимнін орындап, «Менің Отаным - Қазақстан» азаматтық және патриоттық сабағын өткізу тұжырымдамасы аясында көрсетілген тақырыптарға сәйкес өткізілсін. Жауапты 1-4 сыныптар А.Айдарбекова, 5-7-сыныптар Г.Нұрмағанбетова, 8-11-сыныптар Т.Тастаева.

4. 1 қыркүйек күні мектеп-лицейдің кіре берісі мен қосымша ғимаратқа (спутник) және мереке уақытында Панфилов ескерткіші алаңына кезекшілік ұйымдастырылсын. Н.Айтбай, А.Топжарғанова мектеп ауласына дене шынықтыру пәнінің жетекшісі Ш.Меңлесбайұлынан жауапкершілік сұралсын.

5.Мерекелік шаралар ұйымдастыруда қоғамдық тәртіпшілік пен өрт қауіпсіздігі ережелері қатаң сақталсын. Жауапты №1 аймақ инспекторы С.Тұрман, директордың шаруашылық орынбасары Е.Жоргатаевтан сұралсын.

6.Осы бұйрықтың мәтінімен жауапты мектеп-лицей қызметкерлері таныстырылсын.

7.Бұйрықтың орындалуын қадағалау менеджер Г.Құрашоваға жүктелсін.

"И.В.Панфилов атындағы
№5 мектеп-лицей" КММ директоры Р.Мұхашова

"ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ "И.В.ПАНФИЛОВ АТЫНДАҒЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

120019.Қызылорда қаласы, Е.Әуелбеков көшесі,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_mektep@mail.ru

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №5 ИМЕНИ И.В.ПАНФИЛОВА" ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ"

120019,город Кызылорда,улица Е.Ауельбекова,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_mektep@mail.ru

29.08.2024ж
Бұйрық № 84
Қызылорда қаласы

№_____
город Кызылорда

Сынып жетекшілердің қызметтік жауапкершілігі мен міндеттері туралы

2022 жылғы 31 мамырдағы №251 бұйрығына қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы №18 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекші туралы ереже» құжатын негіздемеге ала отырып, 2024-2025 оқу жылында сынып жетекшілердің өз міндеттері мен құқықтық жауапкершілігін күшейту мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024-2025 оқу жылындағы барлық сыныптағы жүргізілетін жылдық тәрбие жұмысының жоспары, 2024-2025 оқу жылы білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы келесідей негізгі бағыттарды басшылыққа алады: руханитанымдық тәрбие; ұлттық тәрбие; отбасылық тәрбие; қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие; еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие; көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие; зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу; дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие мен оқытуда жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде білім алушылардың бойында адами қасиеттерді қалыптастыруға басымдық береді.
2. 2024-2025 оқу жылындағы №1 педагогикалық кеңестің шешіміне сәйкес, 1-11 сынып жетекшілердің тізімі бекітілсін; (2-қосымша)
3. Қыркүйек айының 5-не дейін әрбір сыныптың әлеуметтік паспорты жасалып, қазан айының соңына дейін балалардың отбасының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайымен танысу, зерттеу, зерделеу, құқықтық түсіндірме жұмыстары жүргізілсін;
4. Мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сәйкес, оқушыларды ыстық тамақ және жазғы лагерьмен қамту аясындағы әлеуметтік санаттарына орай, ата-аналарынан тиісті құжаттар жинақталып, өткізу міндеттелсін;
5. Сыныптағы оқушылардың күнделікті оқушы ережесіне сәйкес құқықтық жауапкершілігін күшейту мақсатында үздіксіз ұйымдастыру жұмыстары (Оқушы формасы, гигиеналық тазалығы, үсті-басының тазалығы, күнделікті сабаққа қатысуы туралы, мобильді телефонды қолдану, күнделікті толтыру, кітапты күтіп ұстау) жүргізілсін;

6. Күн сайын құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында мектеп әкімшілігі және ата-аналармен бірлесе отырып, оқушымен жекелей немесе топтық тұрғыда профилактикалық жұмыстар үздіксіз жүргізілсін;
7. Оқушының ата-анасының өтінішіне сәйкес сабақтан босатылған оқушылардан бөлек, 3 күн сабақтан себепті не себепсіз қалған оқушының ата-анасы тарапынан түсіндірме жұмыстары жүргізілсін;
8. Әр ай сайын 5-11 сынып оқушылары арасында темекі шегу, алкогольді өнімдер, есірткі заттарды қолданудың алдын алу және салауатты өмір салтын қолдауды насихаттау мақсатында сыныптық наркологиялық бекет жұмыстары ұйымдастырылсын;
9.Тоқсан сайын сыныптың ата-аналар жиналысына бекітілген тақырыптардың мазмұнға сай өткізіліп, ата-аналардың жиналысқа толық құрамда қатыстырылуы ұйымдастырылсын;
10. Сынып жетекшілерге оқушыларды өздігінен сабақтан босатуға тыйым салынсын және оқушы ауырған т.б. түрлі себептер орын алған жағдайда мектеп директорының тәрбие орынбасарларына хабарлай отырып, ата-аналары мен заңды өкілдерінің бақылауына берілгеннен кейін ғана рұқсатнама қағазымен сабақтан босатуға рұқсат берілсін;
11. Әр жұмыс күні үзіліс уақытында сыныпта болуға, оқушыларды мектептің ішкі тәртіп ережесін орындатуға ауысым сабақтары аяқталған соң оқушыларды өз мөлтек аудандарына сәйкес қайтуын қадағалауға, оқушыларға қоғамдық көліктер мен орындарда әдептілік пен тәртіпті сақтауға, жолда жүру ережесін сақтауға байланысты ескерту, түсіндіру жұмыстары жүргізілсін;
12. Сабақ аяқталған соң, 1-4 сынып оқушылары ата-аналары немесе заңды өкілдері келіп өз балаларын алып кетпейінше, олардың өмір қауіпсіздігіне жауапкершілік сынып жетекшілердің тікелей міндетіне бекітілсін;
13. Сынып жетекшілер тарапынан сыныптағы оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында жыл бойы мектепшілік және қалалық түрлі пәндік, спорттық секцияларға, қосымша білім беру орталықтарының үйірмелеріне қатысу жұмысы ұйымдастырылсын;
14. Сынып жетекшілік қызмет пен міндетке орай берілген тапсырмалар, міндеттемелер, іс-шаралар уақытылы орындалмаған жағдайда еңбек заңдылығы мен мектепшілік тәртіп ережесіне сәйкес еңбек тәртібі мектеп директоры жанындағы кеңесте қаралатындығы ескертілсін;
15. Әр сыныпқа бекітілген сынып жетекшілердің функционалдық міндеттері таныстырылып, қол қойылсын.
15. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау, қадағалау және сынып жетекшілерге түсіндіру, әдістемелік көмек көрсету жұмысын ұйымдастыру мектеп директорының тәрбие орынбасарлары Т.Тастаева мен Г.Нұрмағанбетоваға міндеттелсін.

"И.В.Панфилов атындағы
№5 мектеп-лицей" КММ директоры Р.Мұхашова

"ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ "И.В.ПАНФИЛОВ АТЫНДАҒЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №5 ИМЕНИ И.В.ПАНФИЛОВА" ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ ҚЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ"

120019.Қызылорда қаласы, Е.Әуелбеков көшесі,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_mektep@mail.ru

120019,город Кызылорда,улица Е.Ауельбекова,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_mektep@mail.ru

29.08.2024ж
Бұйрық № 85
Қызылорда қаласы

№_____
город Кызылорда

Сынып жетекшілерге қызметтік жауапкершілігі мен міндеттері таныстыру туралы

2022 жылғы 31 мамырдағы №251 бұйрығына қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы №18 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекші туралы ереже» құжатын негіздемеге ала отырып, 2024-2025 оқу жылында сынып жетекшілердің өз міндеттері мен құқықтық жауапкершілігін күшейту мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Мектеп-лицейдегі сынып жетекшілерге сынып жетекшілігі туралы ереже "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 12-2) тармақшасына сәйкес әзірленді. Сынып жетекшісі білім беру ұйымы басшысының (директорының) бұйрығымен тағайындалады. Сынып жетекшісі қызметін жоспарлауды және бақылауды жалпы орта білім беру ұйымы басшысының (директорының) тәрбие ісі жөніндегі орынбасары жүзеге асырады.

2.Ереже сыныптағы білім алушылардың оқу-тәрбие процесі шеңберіндегі қызметін үйлестіру бойынша педагогке (бұдан әрі - сынып жетекшісі) жүктелген функцияларды айқындайды.

3.Сынып жетекшісі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясына, "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Педагог мәртебесі туралы", басқа да Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады.

4.Сынып жетекшісінің қызметі – білім беру ұйымының жарғысы, білім алушыларға білім берудің өзекті міндеттері, жаңартылған мазмұны, әдіснамасы, сондай-ақ тәрбие нысандары ескерілген тұлғалық бағдарлы тәсіл негізінде құрылған мақсатқа сай бағытталған, жүйелі, жоспарланған процесс.

Сынып жетекшілерінің міндеті:

Сынып жетекшілері мектеп педагогтарына тән құқыққа ие, сондай-ақ олар міндетті:

1, Сынып жетекші сабақ басталар алдында 15 минут ерте келуі тиіс.

2.25. Балалардың денсаулығын сақтау, олардың жеке бас ерекшеліктерін зерттеу, ата-анамен байланысты болу, педагогикалық білімді насихаттауға;
2.26.Өзі тағайындалған сыныпта басқа пән мұғалімдерімен психологпен оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымдарымен тығыз байланыста болуға;
2.27.Педагогикалық бірыңғай сапалы оқушыларға мектеп пен жаңұя жағынан қоя отырып, ата-аналармен тұрақты байланысты қолдап, дұрыс межеге жетуді көздеуге;
2.28.Қажет болған сәтте оқушыға оқу жөнінен көмек беруді ұйымдастыруға және сабақтан соң тәрбиеленушілердің қасында болуға;
2.29.Сыныпта белгіленген құжаттарды жүргізуге мектеп әкімшілігіне үлгерім, баланың тәртібі мен сабаққа қатысуы жөнінде мәліметтер беруге, күнделіктердің жайын қарап, оны үнемі аптасына бір рет тексертіп отыруға;
2.30.Сынып жетекшілері ата-аналар комитетімен біріге отырып, үлгермейтін, сабақты жиі босататын балалардың ата-аналардың үйлеріне жүйелі түрде барады, қажет жағдайда жазбаша акті жасауға;.
2.31.Оқушының денсаулығын қадағалайды, тәрбие жұмыстарын жүргізеді, олардың қоғамдық-пайдалы жұмыстарға тартып, интернат секциялары мен бөлмелеріндегі тазалықты бақылауға;
2.32.Оқушылардың интеллектісі мен эрудициясын дамытып, жоғарғы адамгершілік ұғым мен сананы дағдыландыру мақсатымен сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастырып, саяхаттар мен жорықтарға шығарып, сынып сағаттарын өткізіп отыруға;
2.33.Дарынды балалардың қабілеттерін танып білу, білімін дамыту, жан-жақты қалыптастыру ретінде рейтингі картасын жасауға;
2.34.Өзіне бекітілген сыныптағы пәндердің оқу бағдарламасының, жалпы орта білім стандартының орындалуын, оқушылардың тұлға ретінде, адамгершілік қарым-қатынастарының дамуына қолайлы жағдай жасауға;
2.35.Оқушының бас бостандығы мен құқығын сақтауға, өмірі, денсаулығы үшін жауап беруге;
2.36.Сынып жетекшілері өз білімі мен біліктілігін арттыруға, кәсіптік біліктілігі мен мәдениеттілігін көтеруге;
2.37.Тоқсанына бір рет ата-аналар жиналысын өткізуге;
2.38. Білім алушының тұрмыс жағдайымен танысу мақсатында ата-аналар үйлеріне баруға.

Білуге міндетті.

2.39. Қазақстан Республикасының Конституциясын, Заңнамаларын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Бала құқығы туралы» конвенциясын және басқа білім беру мәселесі жөнінде нормативтік құқықтық актілерді;
2.40. Педагогика, жас ерекшеліктер психология негіздерін, оқыту әдістемесін;
2.41.Мектеп гигиенасын, физиология, әлеуметтану негіздерін;
2.42.Қазіргі заманғы ғылым мен техниканың жетістіктерін;
2.43. Әдістемелік-бағдарламалық құжаттарды;
2.44.Еңбек заңнамаларын, еңбек қорғаудың нормасы мен ережесін;
2.45.Техникалық қауіпсіздік пен өртке қарсы қорғанысты.
2.46. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыру мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарды орындауы тиіс;
5.Сынып жетекшісі тәрбие жұмысын ұйымдастыру саласында тиісті теориялық және практикалық білімді және оқыту дағдыларын меңгеріп, жоғары өнегелілік қасиеттерге ие бола, білім алушыларды жігерлендіріп, оларға қолдау көрсетіп және биік адами мұраттарға бағыттайды.
6. Сынып жетекшісі қызметінің мақсаты – балалардың жан-жақты дамуын ынталандыру, оқушылардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына жағдай жасау, ата-аналармен

(басқа да заңды өкілдермен) өзара байланыс орнату және оларды оқу мен тәрбие процесіне тарту.

7.Сынып жетекшісінің міндеттері:

1) салауатты өмір салтына ынталандыру;

2) азаматтық пен патриотизмге, өз Отанын сүюге, табиғатты қастерлеуге тәрбиелеу;

3) отбасы ара-қатынасын нығайту, үлкендерге құрметпен қарауға тәрбиелеу;

4) сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;

5) білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;

6) білім алушылардың өмір сүру жағдайларын білу;

7) ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);

8) білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;

9) аптасына бір рет сынып сағаттарын өткізу;

10) білім беру ұйымының басшысын (директорын) сыныбымен тәрбие жұмысының жай-күйі туралы хабардар ету.

11.Сынып жетекшісінің функциялары:

1) Ұйымдастырушылық және үйлестіру функциялары: сынып жетекшісінің жұмыс жоспарын әзірлеу; "мектеп-оқушы-ата-ана" өзара әрекетін жүзеге асыру;

2) Аналитикалық функциялар: оқушының жеке ерекшеліктерін зерттеу;

сыныптағы оқушылардың жалпы даму динамикасын және үлгерім жағдайын талдау.

3) Коммуникациялық функциялар: білім алушылар арасындағы тұлғааралық қатынастарды реттеу; сыныпта жалпы қолайлы психологиялық климатты қалыптастыруға ықпал ету; білім алушылардың коммуникативті қасиеттерін қалыптастыруға көмектесу; мұғалімдер, білім алушылар және ата-аналар (басқа да заңды өкілдер) арасындағы ынтымақтастықты дамыту.

4) Бақылау функциялары: сыныптағы білім алушылардың үлгерімін, сабаққа қатысуын, сыртқы келбетін, эмоционалдық-психологиялық жағдайын бақылау.

12.Сынып жетекшісі өз функцияларына сәйкес білім алушылармен жұмыс жасау формаларын таңдайды:

1) жеке (әңгімелесулер, консультациялар, мәселелерді шешу жолдарын бірлесіп іздеу және т.б.);

2) топтық (шығармашылық бірлестіктер, өзін-өзі басқару органдары және басқалар);

3) ұжымдық (конкурстар, спектакльдер, концерттер, жорықтар, митингілер, жарыстар және т.б.).

13. Осы бұйрықтың орындалу жауапкершілігі директордың тәрбие орынбасарлары 1-4 сыныптар А.Айдарбекова, 5-7 сыныптар Г.Нұрмаганбетова, 8-11 сыныптар Т.Тастаеваға міндеттелсін.

"И.В.Панфилов атындағы
№5 мектеп-лицей" КММ директоры **Р.Мұхашова**

"ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ "И.В.ПАНФИЛОВ АТЫНДАҒЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

120019.Қызылорда қаласы, Е.Әуелбеков көшесі,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_mektep@mail.ru

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №5 ИМЕНИ И.В.ПАНФИЛОВА" ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ"

120019,город Кызылорда,улица Е.Ауельбекова,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_mektep@mail.ru

29.08.2024ж
Бұйрық № 83
Қызылорда қаласы

№_____
город Кызылорда

«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру туралы

«Біртұтас тәрбие» білім беру бағдарламасын бекіту туралы білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық Құрылтай отырысында тәрбие жұмысы бағдарламасын өзекті ету туралы берген тапсырмалары хаттамасының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрық 1-қосымшаға сәйкес «Біртұтас тәрбие» білім беру бағдарламасы мектеп-лицейде жүзеге асырылсын.
2.Осы бұйрық 2-қосымшаға сәйкес «Біртұтас тәрбие» білім беру бағдарламасын іске асыру жөніндегі жұмыс жоспары бекітілсін. Директордың тәрбие орынбасары Т.Тастаеваға тапсырылсын.
3. Сынып жетекшілері мен мектеп ұжымының назарына жеткізілсін; Директордың тәрбие орынбасары Г.Нұрмағанбетова.
4) 2024-2025 оқу жылынан бастап «Біртұтас тәрбие» білім беру бағдарламасы іске асырылсын.
5.«Бірыңғай білім беру бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі N294 бұйрығының күші жойылсын.
6.Осы бағытта мектептегі тәрбие жұмысын жүзеге асыру 1-11 сынып жетекшілеріне міндеттелсін.
7.Бұйрықтың орындалу жауапкершілігі директордың тәрбие орынбасарлары 1-4 сыныптар А.Айдарбекова, 5-7 сыныптар Г.Нұрмағанбетова, 8-11 сыныптар Т.Тастаевадан сұралсын.

"И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицей" КММ директоры Р.Мұхашова

"ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ "И.В.ПАНФИЛОВ АТЫНДАҒЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

120019.Қызылорда қаласы, Е.Әуелбеков көшесі,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_mektep@mail.ru

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №5 ИМЕНИ И.В.ПАНФИЛОВА" ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ"

120019,город Кызылорда,улица Е.Ауельбекова,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_mektep@mail.ru

29.08.2024ж
Бұйрық № 92
Қызылорда қаласы

№_____
город Кызылорда

Білім беру ұйымдарына алып кіруге және пайдалануға тыйым салынған заттар туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №117 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 14 маусымдағы №481 және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2023 жылғы 26 маусымдағы №51/қе бірлескен бұйрығы, "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-2-бабының 1-тармағына сәйкес, мектеп жарғысына қайшы келетін құқық бұзушылыққа бейім әрекеттерге барудың алдын алу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқушылар арасында қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету, құқық бұзушылық профилактикалық жұмыстарын күшейту мақсатында білім беру ұйымдырының ішкі тәртіп ережелеріне алып кіруге пайдалануға тиым салынған заттар тізбесін көрсету, ереже талаптарын бұзғаны үшін кәмелетке толмағандардың ата-аналарына жауапкершілікті енгізу, тыйым салынған заттарға рұқсат берілмейтіндігін ескерту, орын алған жағдайда мектеп әкімшілігіне дереу хабарлау тапсырылсын.
2. №5 мектеп-лицейге алып кіруге және пайдалануға тыйым салынған заттар тізбесі (қару, сұғу/ кесу немесе өткір заттар, доғал құралдар, жарылғыш және тұтанғыш заттар, химиялық және улы заттар тізбесі ішкі тәртіп ережесінде бекітілсін, сынып жетекшілер мен ата-аналарға таныстырылсын.
3. Осы бұйрықтың орындалу мектеп директорының тәрбие орынбасарлары Т.Тастаева мен Г.Нұрмағанбетова, АӘД жетекшісі В.Валиевке тапсырылсын.

"И.В.Панфилов атындағы
№5 мектеп-лицей" КММ директоры Р.Мухашова Р.Мухашова

"ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ "И.В.ПАНФИЛОВ АТЫНДАҒЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

120019.Қызылорда қаласы, Е.Әуелбеков көшесі,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_mektep@mail.ru

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №5 ИМЕНИ И.В.ПАНФИЛОВА" ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ"

120019,город Кызылорда,улица Е.Ауельбекова,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_mektep@mail.ru

29.08.2024ж
Бұйрық № 91
Қызылорда қаласы

город Кызылорда

Мектепте сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды болдырмау туралы

Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы №802 Жарлығымен бекітілген «ҚазақстанРеспубликасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққақарсы стратегиясының» IV-тарауын орындау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1.Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының сақталуы қатаң жауапкершілікке алынсын.

2.Білім алушыларды отанға деген сүйіспеншілікке, адамдарды және дәстүрлерді құрметтеуге, білім мен еңбекке ұмтылуға, көргенділік пен адалдыққа тәрбиелеу;

- осы мәселе бойынша сынып жетекшілерімен жиналыс өткізілсін;
- оқушылар мен сынып жетекшілерінен, оқушылардың ата-аналарынан ақша жиналуына тыйым салынсын;

3.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің алдын алу бойынша іс-шаралар жоспары құрылсын;

4.Сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында мектепте жұмыс жасайтын барлық мұғалімдер мен қызметкерлер таныстырылып, қолдары қойдырылсын.

5.«Сенім» жәшіктерге келіп түскен азаматтардың өтініштері, ұсынысы және арыздарын, «Сенім телефоны» бойынша түскен өтініштер мен арыздарды талдау арқылы жемқорлық көріністерді мониторингілеу жұмыстары жүргізілсін.

6.Жұмыс жоспарында көрсетілген тармақтардың сапалы орындалып, уақытылы қалалық білім бөліміне тапсыру директордың орынбасары Б.Аблаевқа міндеттелсін;

7.Оқушылардың және тәрбиеленушілердің ата-аналарынан педогог қызметкер тарапынан әр түрлі қажеттіліктеріне заңсыз ақша жинауға жол берілмесін;

8.Оқушыларға мектеп қабырғасында ақылы негізінде қызмет көрсетуге тыйым салынсын;

9.Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында оқушылар арасынан «Адал Үрпақ» еріктілер клубы құрылып, шаралар жоспары бекітілсін; (2-қосымша)

11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, құқықтық оқыту жауапкершілігі және осы бұйрықтың орындалуы директордың орынбасары Б.Аблаевқа жүктелсін.

"И.В.Панфилов атындағы
№5 мектеп-лицей" КММ директоры **Р.Мұхашова**

"ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ "И.В.ПАНФИЛОВ АТЫНДАҒЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

120019.Қызылорда қаласы, Е.Әуелбеков көшесі,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_mektep@mail.ru

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №5 ИМЕНИ И.В.ПАНФИЛОВА" ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ"

120019,город Кызылорда,улица Е.Ауельбекова,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_mektep@mail.ru

29.08.2024ж
Бұйрық № 82
Қызылорда қаласы

№_____
город Кызылорда

№5 мектеп-лицейде орнатылған бейне бақылау камераларын қадағалау туралы

2024-2025 оқу жылында оқушылардың жеке қауіпсіздігін, оқу ғимаратының жалпы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні оқытушы-ұйымдастырушысы В.Валиев, директордың орынбасары Б.Аблаевқа мына міндеттер жүктелсін:

- мектеп ауласындағы және оқу ғимаратының ішкі бөліктерінде 34, сыртқы аймақта 14 дана орнатылған видеобақылау камералардың толыққанды жұмыс істеуіне, сақталу мерзімі 30 күн;
- Тәулік бойғы бейнебақылау, аймақты қорғау, жұмыскерлердің жұмыс орындарындағы әрекеттерін бақылау, оған қоса қорғалатын объектілердегі қимылдарды қадағалау;
- бейнежазылымдар мен архивтерді ұйымдастыру;
- бейнебақылау жүйесін жүйелі түрде жүргізу;

2.Бейнежазылымдарды саралау жұмыстары алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні оқытушы-ұйымдастырушысы В.Валиев, директордың орынбасары Б.Аблаевқа жүктелсін.

3.Мектептегі бейнебақылау 07.45-17.00 аралығында мектеп вахтерлері З.Әуезова, К.Жолдасбаевадан 17.00-07.45 аралығында мектеп күзетшілерінен сұралсын. Жауапты директордың шаруашылық орынбасары Е.Жорғатаевтан сұралсын.

4.Мектеп-лицейдің қосымша есіктерін қатаң бақылауда ұстау және бөгде адамдардың кірмеуін қадағалау вахтер З.Әуезова, Г.Жолдасбаева сағат ~~07.45-17.~~00 аралығында сұралсын.

5.Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

"И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицей" КММ директоры Р.Мұхашова

"ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ "И.В.ПАНФИЛОВ АТЫНДАҒЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

120019.Қызылорда қаласы, Е.Әуелбеков көшесі,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_mektep@mail.ru

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №5 ИМЕНИ И.В.ПАНФИЛОВА" ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ"

120019,город Кызылорда,улица Е.Ауельбекова,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_mektep@mail.ru

29.08.2024ж
Бұйрық № 90
Қызылорда қаласы

город Қызылорда

Оқушылар арасындағы жол-көлік оқиғасының алдын-алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жол қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен жарақаттанушылықты алдын ала сақтандыру және оқушылар арасындағы жол көлік оқиғаларының алдын-алу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1.2024-2025 оқу жылына арналған жол-көлік травматизмінің алдын-алу мақсатында жылдық іс-шара жоспары қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2.Жол апаттарын болдырмау мақсатында жол ережесін насихаттау үшін арнайы жол ережесінің әдістемелік құралдары мен брошюра, буклеттер таратылып, 1-4 сынып жетекшілері 6 сағат, 5-8 сынып жетекшілері 8-10 сағат тәрбие сағаттары өткізілсін..
3.Оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау және балалар арасында жол травматизмінің алдын-алу мақсатында 1-4 сынып ата-аналарына балаларын мектепке алып келіп, алып кетуін ұйымдастыру туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу директордың орынбасары А.Айдарбековаға жүктелсін.
4.Сынып жетекшілер ата-аналармен байланыс орнатып баланың келіп-кету сызбасын алу, көше тәртібіне байланысты түсіндірме жұмыстары жүргізілсін. Сынып жетекшілеріне «Жол картасын» жинақтау тапсырылсын.
5.Мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшілер тарапынан ата-аналар мен оқушыларға күзгі, қысқы, көктемгі және жазғы демалыс кезінде жол көлік оқиғаларының алдын-алу мақсатында түсіндіру, үгіт-насихат жұмыстары үздіксіз жүргізілсін.
6.Осы бұйрықтың орындалуы директордың тәрбие орынбасары Т.Тастаева мен Г.Нұрмағанбетоваға жүктелсін.

"И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицей" КММ директоры Р.Мухашова _____ **Р.Мұхашова**

"ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ "И.В.ПАНФИЛОВ АТЫНДАҒЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

120019.Қызылорда қаласы, Е.Әуелбеков көшесі,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_mektep@mail.ru

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №5 ИМЕНИ И.В.ПАНФИЛОВА" ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ"

120019,город Кызылорда,улица Е.Ауельбекова,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_mektep@mail.ru

29.08.2024ж
Бұйрық № 88
Қызылорда қаласы

город Кызылорда

Террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 14 маусымдағы № 481 және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2023 жылғы 26 маусымдағы № 51/қе бірлескен бұйрығы, мектеп жарғысына қайшы келетін құқық бұзушылыққа бейім әрекеттерге барудың алдын алу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жастар арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, кертартпа ағымдардан сақтау және зияндылығын түсіндіру мақсатында 2024-2025 оқу жылына арналған іс-шаралар жасалып, бекітілсін.
2. Деструктивтік діни культтардың, діни және экстремистік ұйымдардың идеологияларын қабылдамау ұстанымдарын қалыптастыру, діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес және оның алдын алу мақсатында профилактикалық түсіндіру және әр апта жұма күні орталық мешіттерге баратын балалардың ұстанымдарын зерттеу, профилактикалық алдын алу жұмыстары жүргізілсін.
3.«Мектеп оқушылар ассамблеясы» тарапынан мектеп-лицейдегі әртүрлі ұлт өкілдері арасындағы рухани бірлік пен ұлт аралық келісімді сақтау, қалыптастыру, өз ұлтының дәстүрлі мен әдет-ғұрпын білу аясында түрлі тәрбиелік іс-шаралар ұдайы ұйымдастырылсын.
4. Мектепте діни сипатта киім киетін балалар және әртүрлі дәстүрлі емес діни орталықтарға баратын балалардың тізімі жасалып, мектеп әкімшілігі мен мектеп психологтары тарапынан олардың әр қайсысымен жоспарға сай зерттеу, түзету жұмыстары жүргізілсін.
5.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау, қадағалау мектеп директорының тәрбие орынбасары Г.Нұрмағанбетоваға жүктелсін.

"И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицей" КММ директоры Р.Мухашова

"ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ "И.В.ПАНФИЛОВ АТЫНДАҒЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

120019.Қызылорда қаласы, Е.Әуелбеков көшесі,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_mektep@mail.ru

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №5 ИМЕНИ И.В.ПАНФИЛОВА" ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ"

120019,город Кызылорда,улица Е.Ауельбекова,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_mektep@mail.ru

29.08.2024ж
Бұйрық № 89
Қызылорда қаласы

город Кызылорда

Діни мәселе бойынша жауапты маманды тағайындау туралы

Қоғамымыздағы діни ахуалдың тұрақты болуы, діни радикалды топтардың алдын-алу және оқушылардың діни мәселелер бойынша сауаттылығын қалыптастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде діни мәселе бойынша жауапты маман болып директордың оқу-тәрбие орынбасары, тарих және дінтану мұғалімі Б.Аблаев пен тарих және дінтану пән мұғалімі В.Шайхутдинова, Г.Мұхтарбаева, Б.Тәжмағанбетовке бекітілсін.
2.Бұйрықтың орындалуын бақылауды директордың тәрбие орынбасары Г.Нұрмағанбетоваға жүктелсін.

"И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицей" ҚММ директоры **Р.Мұхашова**

"ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ "И.В.ПАНФИЛОВ АТЫНДАҒЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

120019.Қызылорда қаласы, Е.Әуелбеков көшесі,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_mektep@mail.ru

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №5 ИМЕНИ И.В.ПАНФИЛОВА" ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ"

120019,город Кызылорда,улица Е.Ауельбекова,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_mektep@mail.ru

29.08.2024ж
Бұйрық № 97
Қызылорда қаласы

№
город Кызылорда

Мектеп оқушыларының заңға мойынсұнушылық мінез-құлқын қалыптастыру және құқық бұзушылықтың алдын алу туралы

Қазақтан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңының 49-бабын, 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңының 12-бабын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Мектеп оқушылары арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 2024-2025 оқу жылына арналған ҚІІБ-мен екі жақты келісілген іс-шара жоспары жасалып, бекітілсін.

2.Кәмелетке толмаған білім алушылардың ата-аналарына және өзге де заңды өкілдеріне мектептің оқу және тәрбие процесінің барысымен, мазмұнымен, білім алушылардың тәртібі, сабақ үлгерімімен танысу мүмкіндігі қамтамасыз етілсін.

3.Сабаққа себепсіз қатыспаған және мектептің ішкі тәртіп ережесін өрескел бұзған оқушыларға құқықтық түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.

4.Оқушылар арасында Қазастан Республикасы әкімшілік және қылмыстық заңнамаларының нормаларын түсіндіру бойынша тоқсан сайын аймақ инспекторымен бірлесе отырып, тақырыптық әңгімелер, дәрістер, кездесулер ұйымдастырылсын.

5.Оқушылардың оқудан жалтаруға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою мақсатында әр күні оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру және қадағалау жұмыстары үздіксіз жүргізілсін.

6.Құқық бұзушылыққа бейім, мектепішілік профилактикалық кеңес есебіндегі оқушыларға сынып жетекшілер қоғамдық педагог ретінде бекітіліп, баланың отбасы және бос уақытын тиімді өткізу мақсатында профилактикалық шаралар ұйымдастырылсын.

7.Кәмелетке толмаған балаларға олардың отбасыларына жайсыздық фактілері анықталған кезде жедел түрде профилактикалық жұмыстар атқарылсын.

8.Тәрбие үрдісінің барлық бағытында мектеп және отбасы арасындағы құқықтық, әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық үйлесімді қарым-қатынасты үздіксіз дамыту жұмыстары үздіксіз жүргізілсін.

9.Сынып жетекшілер тарапынан оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында мектепішілік, қалалық пәндік және спорттық үйірмелерге қатысуы мақсатты ұйымдастырылсын.

10.Балаларды дұрыс тәрбиелей алмаушы, әлеуметтік қиын ахуалды қалған отбасылардың негізгі проблемалары мен оның шығу себептерін анықтау, зерттеу, зерделеу жұмыстарын жүргізілсін.

11.Мектеп оқушыларының әлеуметтік дерек базасы (паспорты) дайындалып, мемлекет қамқорлығын қажет етуші отбасыға заң аясында әлеуметтік көмек алу мақсатында құқықтық кеңестер беру, психолгиялық қолдау көрсету;

12.Әртүрлі әлеуметтік санаттағы оқушылардың заңды мүддесін қорғау, педагогикалық тәрбиелеу, зерттеу және жеке бақылау алу мақсатында профилактикалық жұмыстары үздіксіз жүргізілсін.

13.Оқушылардың сабақ уақытында мектеп директоры мен мектеп әкімшілігінің рұқсатымен ата-анасына хабарлауынан тыс сыртқа көшеге шығуына тиым салынсын.

14.Балалардың түнгі сағат 23:00-ден кейін ата-анасыз және заңды өкілдерінің ертіп жүруінсіз тұрғын жайдан тыс жерде жүруіне, түнгі ойын-сауық мекемелерінде болуына жол бермеу, өз балаларын әрдайым назардан тыс қалдырмау, бақылау жасау аясында ата-аналарға құқықтық-түсіндірмелік жұмыстар және әр айдың соңғы аптасының жұма күндері 21:00-24:00 уақыт аралығында мектеп инспекторы, ата-аналар комитетінің мүшелері, мектеп мұғалімдері тарапынан профилактикалық рейд жұмыстары ұйымдастырылсын.

15.Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау, бақылау мектеп директорының тәрбие орынбасарлары Т.Тастаева мен Г.Нұрмағанбетованың тікелей жауапкершілігіне міндеттелсін.

"И.В.Панфилов атындағы
№5 мектеп-лицей" КММ директоры Р.Мухашова

"ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ "И.В.ПАНФИЛОВ АТЫНДАҒЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №5 ИМЕНИ И.В.ПАНФИЛОВА" ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ"

120019.Қызылорда қаласы, Е.Әуелбеков көшесі,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_mektep@mail.ru

120019,город Кызылорда,улица Е.Ауельбекова,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_mektep@mail.ru

29.08.2024ж
Бұйрық № 86
Қызылорда қаласы

№_____
город Кызылорда

Мектепте салтанатты іс-шаралар өткізу кезінде мемлекеттік нышандарды пайдалану туралы

Мектеп ұйымдарында салтанатты іс-шаралар өткізу кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» 2007 жылғы 4 маусымдағы №258 Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Мемлекеттік іс-шаралар өткізу кезінде Қазақстан республикасының мемлекеттік нышандарын қолдану туралы ереже сақталсын.
2.Мемлекеттік Гимн апта сайын дүйсенбі күндері дұрыс орындалуы және мемлекеттік атрибуттарды қолданудың жауапкершілігі мектеп директорының орынбасары Г.Нұрмағанбетова, Т.Тастаева, А.Айдарбекова және АӘД жетекшісі В.Валиевке тапсырылсын.
3.Ту, Елтаңба және Гимн мәтінінің орналасуы ережеге сай болуы қадағалансын.
4. Тарих, қазақ тілі, бастауыш сынып, АӘД кабинеттерінде Қазақстан Республикасының нышандары (лицензияланған баспа өнімі) міндетті түрде тақтаның оң жақ қабырғасында орналастырылсын.
5. Мектепте мерекелерге, айрықша мәнді күндерге арналған салтанатты іс-шаралар өткізу барысында мемлекеттік нышандары міндетті түрде қолданылсын және іс-шаралардың басталуы мен аяқталуында әнұранды барлық қатысушылар тұрып орындасын, оны орындау барысында артық қозғалыс қимылға, күлкіге жол берілмесін.
6. Жаңа оқу жылын ашу және оқу жылын аяқтау салтанатты рәсімдер кезінде «Назар аударыңыз! Қазақстан Республикасының туы енгізілсін!» командасы берілсін.
7. «Оқу жылын ашуға (аяқтауға) арналған салтанатты жиын ашық деп жариялансын!» командасынан кейін ҚР мемлекеттік Гимні орындалсын.
8. Іс-шаралардың соңында «Мемлекеттік ту шығырылсын» командасынан кейін ту оқушылар қатарының алдынан өткізіліп шығарылсын.
3.Ұлттық стандартқа сәйкес келмейтін Мемлекеттік Туды және Мемлекеттік Елтаңбаны ауыстыру және жоюжөніндегі комиссия мүшелері төмендегі құрамда бекітілсін. (2023жылғы 8 маусымдағы №137 ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі бұйрығының талаптары).

Комиссия құрамы:

1. Р.Мұхашова - мектеп-лицей директоры, комиссия төрайымы;
2. Г.Нұрмағанбетова - директор орынбасары, комиссия мүшесі;
3. А.Айдарбекова - директор орынбасары, комиссия мүшесі;
4. А.Ахметова - тарих пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі;
5. Е.Жоргатаев - шаруашылық меңгерушісі, комиссия мүшесі;

4. Әр оқу жылында Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне құрметпен қарауды қалыптастыру, оқушыларды азаматтыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылсын.
9. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың Г.Нұрмағанбетова мен Т.Тастаеваға жүктелсін.

"И.В.Панфилов атындағы
№5 мектеп-лицей" КММ директоры Р.Мұхашова – **Р.Мұхашова**

"ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ "И.В.ПАНФИЛОВ АТЫНДАҒЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

120019.Қызылорда қаласы, Е.Әуелбеков көшесі,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_mektep@mail.ru

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №5 ИМЕНИ И.В.ПАНФИЛОВА" ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ"

120019,город Кызылорда,улица Е.Ауельбекова,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_mektep@mail.ru

БҰЙРЫҚ
02.09.2024 ж № 94
Қызылорда қаласы

ПРИКАЗ
_____№_____
город Кызылорда

«Даналық мектебін» құру туралы

2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ Ғылыми-әдістемелік Кеңесі 2023 жылғы 15 тамыз күні бекітілген №4 хаттамасына сәйкес ұсынған «Білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау» бойынша нұсқаулықты басшылыққа ала отырып отбасы мәдениеті дамыту мақсатында **БҰЙЫРАМЫН**

1. 2024-2025 оқу жылында И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды, заңды өкілдерді педагогикалық қолдау бойынша «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» құрылсын;
2. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығына» жетекшілік жасау мектеп-лицейдің педагог психологы А.Топжарғанова жүктелсін;
3. Тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту мақсатында құрылған «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығына» педагог-психологтар, сынып жетекшілер тартылып, 2024-2025 оқу жылына жүргізілетін жұмыстардың жоспары жасалынсын;
4. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» үйлестіру жұмыстары директордың тәрбие орынбасарлары Т.Тастаеваға, Г.Нұрмағанбетоваға педагог – психолог А.Топжарғанова, Н.Айтбай, мектеп-лицей тәлімгері И.Қуанышбек
5. «Білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау» бойынша нұсқаулығына сәйкес мектепте «Даналық мектебі» құрылсын және «Әкелер Одағы» кеңесі, «Аналар мектебі», «Әжелер мектебі» орталықтарының жұмыстары бірлесіп жүргізілсін.
6. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» бағдарламасына сәйкес сабақтар өткізу сынып жетекшілер мен педагог-психологтарға міндеттелсін.
7. Мектепте 1 сыныптардың бейімделуі және бастауышты аяқтаған 5 сыныптардың орта буынға бейімделуі бойынша ата-аналарды педагогикалық-психологиялық қолдау бойынша сынып жетекшілері мен мектеп психологтары сабақтар өткізілсін.
8. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілетін жұмыстарға талдау жасау және қорытындысын шығару тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Т.Тастаеваға, Г.Нұрмағанбетоваға тапсырылсын.

"И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицей" КММ директоры Р.Мұхашова – Р.Мұхашова

"ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ "И.В.ПАНФИЛОВ АТЫНДАҒЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

120019.Қызылорда қаласы, Е.Әуелбеков көшесі,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_mektep@mail.ru

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №5 ИМЕНИ И.В.ПАНФИЛОВА" ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ"

120019,город Кызылорда,улица Е.Ауельбекова,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_mektep@mail.ru

02.09.2024ж
Бұйрық № 105
Қызылорда қаласы

№_____
город Кызылорда

Мектепішілік есепке алуды жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 3 наурыз 2023 жылғы №61 (23.2023ж №398 бұйрығы өзгерістермен) бұйрығы, ҚР Үкіметінің 31.08.2023№ №748 қаулысымен бекітілген балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, уицидтің алдын алу олардың құқықтары мен саламаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жыдарға арналған кешенді жоспардың 5-тармағын басшылыққа ала отырып, назар аударуды талап ететін білім алушыларды уақытылы анықтау және оларға қолдау көрсету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Мектепішілік есепке алуды жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа ала отырып жұмыс жасау директордың тәрбие орынбасарлары Т.Тастаева мен Г.Нұрмағанбетоваға бекітілсін.
2.Назар аударуды талап ететін балаларды уақытылы анықтауға, білім алушыны білім беру ортасының жағдайына бейімдеуге көмектесу, оқу мотивациясын арттыруға, ата-аналарға және де өзге өкілдерге балаларды оқыту мен тәрбиелеуде көмек көрсетуге, кәмелетке толғандардың қадағалаусыз, панасыз қалуының, құқықбұзушылықтарының және қоғамға қарсы іс-әрекеттерінің алдын алуға, әлеуметтік қолдау көрсету А.Нұртанова, психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуге Н.Айтбай, А.Топжарғановадан сұралсын.
3. Осы бұйрықты қадағалау директордың оқу-тәрбие орынбасары Т.Тастаеваға міндеттелсін.

"И.В.Панфилов атындағы
№5 мектеп-лицей" КММ директоры Р.Мұхашова

"ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ "И.В.ПАНФИЛОВ АТЫНДАҒЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

120019.Қызылорда қаласы, Е.Ауелбеков көшесі,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_mektep@mail.ru

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №5 ИМЕНИ И.В.ПАНФИЛОВА" ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ"

120019,город Кызылорда,улица Е.Ауельбекова,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_mektep@mail.ru

02.09.2024ж
Бұйрық № 103
Қызылорда қаласы

№_____
город Кызылорда

Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттылығын қамтамасыз ету

Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 21 желтоқсанындағы №506 бұйрығын басшылыққа ала отырып, «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды іске асыру жөніндегі өңірлік жол картасының» тармақтары бойынша тиісті жұмысты орындауға **БҰЙЫРАМЫН:**

1.«Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды іске асыру жөніндегі өңірлік жол картасының» тармақтары бойынша тиісті жұмысты орындауға арналған жұмыс жоспары әзірленіп бекітілсін.
2.Облыстық білім басқармасы «Қадір-қасиет» қоғамдық бірлестігінің 2023 жылғы 23 қазандағы №475-13 хатына сәйкес, «Балаларды мектептегі буллингтен қорғау» тақырыбындағы лекцияларға оқушылар, ата-аналар, мектеп педагогтері қатыстырылсын.
3. Мектеп-лицейде 1-11 сыныптарда сынып сағаттарының өткізілуі, оқушылар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.
4.Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие орынбасарлары Т.Тастаева, Г.Нұрмағанбетоваға міндеттелсін.

"И.В.Панфилов атындағы
№5 мектеп-лицей" КММ директоры Р.Мұхашова

"ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ "И.В.ПАНФИЛОВ АТЫНДАҒЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

120019,Қызылорда қаласы, Е.Әуелбеков көшесі,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_mektep@mail.ru

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №5 ИМЕНИ И.В.ПАНФИЛОВА" ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ"

120019,город Кызылорда,улица Е.Ауельбекова,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_mektep@mail.ru

02.09.2024ж
Бұйрық № 104
Қызылорда қаласы

№_____
город Кызылорда

Педагогикалық әдеп туралы

Облыстық білім басқармасы облыстық прокуратурасының 2023 жылғы 27 шілдедегі №2-10-23-06227 хатына сәйкес Заңдылық, құқықтық тәртіп пен қылмыспен күресті қамтамасыз ету жөніндегі Қызылорда облыстық Үйлестіру кеңесінің 2023 жылғы 21 шілдедегі хаттамасын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қызылорда облыстық Үйлестіру кеңесінің 2023 жылғы 21 шілдедегі хаттамасына сәйкес, тиісті жұмысты орындауға арналған жұмыс жоспары әзірленіп бекітілсін.
2.1 мәселе, 5.4-тармағының «оқушыларға тіл тигізу, оларды кемсіту, оларға тән және психологиялық күш қолдану жағдайларын болдырмау мақсатында мұғалімдермен педагогикалық этиканың сақталуына бақылау жасау мектеп әкімшілігінің орынбасарларынан сұралсын және директордың оқу-тәрбие орынбасары Т.Тастаевадан сұралсын.
3. Мектеп-лицейде 1-11 сыныптарда тәрбиелік-танымдық сабақтарында оқушылар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.
4.Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие орынбасарлары Г.Нұрмаганбетоваға міндеттелсін.

"И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицей" КММ директоры Р.Мұхашова

"ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ "Н.В.ПАНФИЛОВ АТЫНДАҒЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №5 ИМЕНИ Н.В.ПАНФИЛОВА" ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ"

120019.Қызылорда қаласы, Е.Әуелбеков көшесі,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_mektep@mail.ru

120019,город Кызылорда,улица Е.Ауельбекова,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_mektep@mail.ru

02.09.2024ж
Бұйрық № 101
Қызылорда қаласы

№_____
город Кызылорда

Сенім жәшігінің жұмысын ұйымдастыру туралы

БҰҰ-ның «Балалар құқықтарын қорғау туралы» заңдарын, ҚР «Білім туралы» және ҚР «Балалардың құқықтарын қорғау туралы» заңдарын, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 наурыз №61 бұйрығына енгізілген (28.12.2023ж №398 бұйрығы) басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.08.2023ж №748 қаулысымен бекітілген балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқытары мен саламаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспардың 5-тармағын іске асыру, Облыстық білім басқармасы облыстық прокуратураның 2023 жылғы 27 шілдедегі №2-10-23-06227 хатына сәйкес Заңдылық, құқықтық тәртіп пен қылмыспен күресті қамтамасыз ету жөніндегі Қызылорда облыстық Үйлестіру кеңесінің 2023 жылғы 21 шілдедегі хаттамасы, қоғамда балалардың жағдайы туралы ақпараттандыру, балалар мен ересектерге психологиялық, педагогикалық және құқықтық көмек көрсету, олардың проблемаларын шешу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы туралы фактілерді бүркемеленген түрде беру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін мектепте сенім жәшігі арналсын.
2.Сенім жәшігіне келіп түскен мәліметтерді есепке алу және алдын-ала өңдеу жұмыстарының жүзеге асыратын жауапты маман болып мектеп директорының орынбасары Б.Аблаевқа бекітіліп, азаматтардың сенім жәшігіне келіп түскен өтініштерін уақытылы және сапалы қарастырылуына бақылауды жүзеге асыру бекітілсін.
3.Сенім жәшігіне келіп түскен өтініштердің түскен күні мен қысқаша мазмұнын көрсету үшін азаматтардың өтініштерін тіркеу журналы арналып, менеджер Г.Құрашоваға тапсырылсын.
4.«Сенім жәшігінен» алынған мәліметке жауап беретін мектеп директорының орынбасары Г.Нұрмағанбетоваға ондағы мәліметтердің құпиялылығын сақтауға міндеттелсін.

5.«Сенім жәшігін» ашу, мәселелерін құрау үшін комиссия төмендегі құрамда бекітілсін:

1.Р.Мұхашова - комиссия төрайымы;
2.Т.Тастаева - директор орынбасары, комиссия мүшесі;
3.Г.Нұрмағанбетова - директор орынбасары, комиссия мүшесі;
4.А.Топжарғанова - мектеп психологы комиссия мүшесі;
5.Г.Рахымжанова - кәсіподақ төрайымы, комиссия мүшесі;
6.Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

"И.В.Панфилов атындағы
№5 мектеп-лицей" КММ директоры Р.Мұхашова